<p>3.5. Банк Тарифтерде белгіленген мөлшерде комиссиялық сыйақы ұстаумен қолма-қол ақшаны төмендегі кез келген жағдайда қайтадан есептеуді жүргізеді: Клиенттің берген сөмкелерінен банкноттар мен монеталар кем шыққаны, артық шыққаны, тозған және жарамсыз (сонымен қатар Клиенттің инкассаланған қолма-қол ақшасын қабылдау және қайта есептеу кезінде) болғаны анықтаған жағдайда, сонымен қатар Тарифтерде қарастырылған басқа да жағдайларда.</p>	<p>3.5. Банк производит повторный пересчет наличных Денег с взиманием комиссионного вознаграждения в размере, установленном Тарифами, в любом из следующих случаев: обнаружения недостач, излишков, ветхих и поврежденных банкнот и монет в сданных сумках Клиента (в том числе при приеме и пересчете инкассированных наличных денег Клиента), а также в иных случаях, предусмотренных Тарифами.</p>
<p>4. АҒЫМДАҒЫ ШОТ БОЙЫНША ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ</p>	<p>4. ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ ВАЛЮТНЫХ ОПЕРАЦИЙ ПО ТЕКУЩЕМУ СЧЕТУ</p>
<p>4.1. Ағымдағы шот бойынша валюталық операцияларға жататын төлемдер және/немесе аударымдар Қолданыстағы заңнама талаптарын ескере отырып жүргізіледі.</p>	<p>4.1. Платежи и/или переводы по Текущему счету, относящиеся к валютным операциям, осуществляются с учетом требований Действующего законодательства.</p>
<p>4.2. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес валюталық бақылау жүргізу немесе валюталық шектеулер, сондай-ақ Ағымдағы шоттағы Ақшаға қатысты қолданылуы мүмкін салықтар немесе басқа да міндетті төлемдерді енгізуді немесе оларды қолдану арқылы жүргізілетін операцияларды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Клиент өзіне шетел валютасында Ағымдағы шот ашу мен жүргізумен байланысты, Қолданыстағы заңнама және/немесе шетел мемлекетінің заңнамасында белгіленген шетел валютасына қатысты шектеулерге байланысты туындауы мүмкін тәуекелді қабылдайды.</p>	<p>4.2. Клиент принимает на себя риск, связанный с открытием и ведением Текущего счета в иностранной валюте, который может возникнуть в связи с ограничениями, установленными Действующим законодательством и/или законодательством иностранного государства, в отношении иностранной валюты, включая, но, не ограничиваясь, осуществлением валютного контроля или введением валютных ограничений в соответствии с валютным законодательством Республики Казахстан, а также налогов или иных обязательных платежей, которые могут быть распространены на Деньги, находящиеся на Текущем счете, или операциями с их использованием.</p>
<p>4.3. Қазақстан Республикасының резиденттері арасында шетел валютасында есеп айырсуға тыйым салуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей (Қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларды қоспағанда), шетел валютасымен барлық операциялар Қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.</p>	<p>4.3. Все операции с иностранной валютой производятся в порядке, установленном Действующим законодательством, внутренними документами Банка, включая, но, не ограничиваясь, запретом на осуществление расчетов в иностранной валюте между резидентами Республики Казахстан (за исключением случаев, предусмотренных Действующим законодательством).</p>
<p>4.4. Клиент өзінің Қолданыстағы заңнаманы бұзу бойынша жауапкершілік, Банктің валюталық бақылау агенті функцияларын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдарына және шетелдік салық агенттеріне Қолданыстағы заңнама мен халықаралық келісімдерде белгіленген ақпаратты беру бөлігіндегі міндеттері, сонымен бірге Банктің құқық қорғау органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдарда Клиенттің Қолданыстағы заңнамасын бұзылғандығы туралы хабарлау міндеті туралы хабардар екендігін растайды.</p>	<p>4.4. Клиент подтверждает свою осведомленность об ответственности за нарушение Действующего законодательства, обязанностях Банка в части осуществления функций агента валютного контроля, предоставления информации уполномоченным государственным органам Республики Казахстан, иностранным налоговым органам и иностранным налоговым агентам, установленных Действующим законодательством и международными соглашениями, а также уведомления Банком правоохранительных органов и уполномоченных государственных органов о</p>

	нарушениях Действующего законодательства, допущенных Клиентом.
5. АЙЫРБАСТАУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР (АЙЫРБАСТАУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ)	5. УСЛУГИ ПО КОНВЕРТАЦИИ (ОБМЕННЫЕ ОПЕРАЦИИ)
5.1. Клиент конверсиялық (айырбастау) операцияларды жүргізу шарттары бойынша Қолданыстағы заңнаманы, соның ішінде валюталық заңнаманы, сақтауға міндетті. Айырбастау Клиент Өтінішінің негізінде Ағымдағы шоттағы Ақша қалдығының шегінде жүзеге асырылады.	5.1. Клиент обязан соблюдать Действующее законодательство по условиям проведения конверсионных (обменных) операций, в том числе валютное законодательство. Конвертация осуществляется в пределах остатка Денег на Текущем счете на основании Заявления Клиента.
5.2. Банкте Клиенттің айырбастауға қатысатын валюталарда Ағымдағы шоттары болатын жағдайда, Клиент өзінің қалауы бойынша Банкке кез келген Ағымдағы шоттан Ақшаны бір валютадан екінші валютаға айырбастауға уәкілеттік беруге құқылы. Тиісті Нұсқау беру арқылы Клиент Банкті осындай Ағымдағы шоттарды Клиент тарапынан қосымша келісім мен өкілеттісіз айырбасталуы тиіс сомаға дебеттеуге уәкілеттендіреді.	5.2. Клиент вправе, по своему усмотрению, уполномочить Банк на конвертацию Денег с любого Текущего счета, из одной валюты в другую, при условии наличия у Клиента в Банке открытых Текущих счетов в участвующих в конвертации валютах. Предоставлением соответствующего Указания Клиент уполномочивает Банк на дебетование таких Текущих счетов на сумму, подлежащую конвертации, без дополнительного согласия и полномочия со стороны Клиента.
5.3. Клиент Банкті Клиенттің пайдасына түсетін Ақшаны Шарттың негізінде және Клиент тарапынан қандай да бір қосымша келісім немесе өкілеттісіз, операцияларды жүргізу күніне белгіленген Нарықтық бағам бойынша Ағымдағы шоттың валютасына айырбастауға уәкілеттендіреді.	5.3. Клиент уполномочивает Банк производить конвертацию поступающих в пользу Клиента Денег в валюту Текущего счета на основании Договора и без какого-либо дополнительного согласия или полномочия со стороны Клиента по Рыночному курсу, установленному, на день совершения операций.
5.4. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банк төмендегідей айырбастау бойынша операцияларды жүргізеді:	5.4. Банк, в соответствии с Действующим законодательством, осуществляет операции по конвертации:
5.4.1. шетел валютасынан теңгеге;	5.4.1. из иностранной валюты в тенге;
5.4.2. теңгеден шетел валютасына;	5.4.2. из тенге в иностранную валюту;
5.4.3. бір шетел валютасынан екінші шетел валютасына.	5.4.3. из одной иностранной валюты в другую иностранную валюту.
5.5. Олар бойынша айырбастау операциялары жүргізілетін валюталардың тізімін Банк өз бетінше белгілейді және оны өзінің қалауына қарай өзгерте алады.	5.5. Список валют, по которым осуществляются операции по конвертации, Банк устанавливает самостоятельно и может менять его по своему усмотрению.
5.6. Айырбастау бойынша операциялар Банк операция жасалған сәтте белгілеген бағам бойынша, Банк Тарифтерге сәйкес комиссиялық сыйақы ұстаумен жүзеге асырылады.	5.6. Операции по конвертации осуществляются по курсу, установленному Банком на момент совершения операции, с взиманием Банком комиссионного вознаграждения в соответствии с Тарифами.
6. ШАРТТЫҢ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАРЫ	6. ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ ДОГОВОРА
Банктің қалауына қарай тұрақты түрде немесе уақытша негізде Клиентке Шарттың аясында қосымша қызметтер көрсетілуі немесе Шартта қарастырылған тәртіпте комиссиялық сыйақы төлеу арқылы осы бапта қарастырылғандай, Ағымдағы шотты жүргізудің ерекше режимі белгіленуі мүмкін. Шартта және/немесе Қосылу туралы өтініште/Өтініште өзге түрі қарастырылмаса, қызметтер/ерекше режим	По усмотрению Банка на постоянной или временной основе Клиенту могут быть предоставлены дополнительные услуги в рамках Договора или введен особый режим ведения Текущего Счета, как описано в настоящей статье, с оплатой комиссионного вознаграждения, в порядке, предусмотренном Договором. Услуги/введение особого режима предоставляются/осуществляется после

<p>белгілеу Банк тиісті Қосылу туралы өтінішке/Клиенттің өтінішіне белгі қойғаннан кейін ұсынылады/жүзеге асырылады. Қызметтер/ерекше режим белгілеу осындай Қосылу туралы өтініште/Өтініште, Шартта немесе Қолданыстағы заңнамада көрсетілген жағдайларда ұсынылады/жүзеге асырылады.</p>	<p>проставления Банком отметки на соответствующем Заявлении о присоединении/Заявлении Клиента, если иное не установлено в Договоре и/или Заявлении о присоединении/Заявлении. Услуги/введение особого режима предоставляются/осуществляется на условиях, указанных в таком Заявлении о присоединении/Заявлении, Договоре или Действующем законодательстве.</p>
<p>6.1. Ағымдағы шоттағы Ақшаға сыйақы есептеуді Банк Ағымдағы шотқа орналастырылған ақшаны пайдалану үшін сыйақы есептеу және төлеумен байланысты Банк пен Клиент арасындағы қарым-қатынастар 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін туындаған жағдайда жүргізеді.</p>	<p>6.1. Начисление вознаграждение на остаток Денег на Текущем счете осуществляется Банком в случае, когда отношения между Банком и Клиентом по начислению и выплате вознаграждения за пользование деньгами, размещенными на Текущем счете, возникли до 1 января 2019 года.</p>
<p>6.1.1. Банк сыйақыны бір жылдағы 365 (үш жүз алпыс бес) күн есебінен ақша сомасының Ағымдағы шотта іс жүзінде сақталған күндердің санына қарай, бір айдағы нақты күндер санына қарай Ағымдағы шот бойынша Ақша қалдығына есептейді.</p>	<p>6.1.1. Банк начисляет вознаграждение на остатки Денег по Текущему счету за фактическое количество дней нахождения суммы денег на Текущем счете, исходя из расчета базы начисления: 365 (триста шестьдесят пять) дней в году, фактическое количество дней в месяце;</p>
<p>6.1.2. Сыйақы төлеу кезінде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығын ұстап қалады.</p>	<p>6.1.2. При выплате вознаграждения Банк производит удержание подоходного налога у источника выплаты в соответствии с законодательством Республики Казахстан;</p>
<p>6.1.3. Тиісті Қосылу туралы өтініште/Өтініште өзге түрі белгіленбесе, есептелген сыйақы ол бойынша сыйақы есептелетін Ағымдағы шотқа аударылады.</p>	<p>6.1.3. Если иное не установлено в соответствующем Заявлении о присоединении/Заявлении, начисленное вознаграждение выплачивается на Текущий счет, по которому производится начисление.</p>
<p>6.2. Ағымдағы шотты транзиттік режимде жүргізу. 6.2.1. Банк онда Ақшаны алдағы уақытта Шартта көрсетілген жағдайларда Клиенттің Банкте ашылған және тиісті Қосылу туралы өтініште/Өтініште көрсетілген басқа Ағымдағы шоттарына аудару үшін жинақтау мақсатында Клиенттің Банк филиалында ашылған және оны Клиент транзиттік режимде жүргізілетін шот ретінде тиісті Қосылу туралы өтініште/Өтініште көрсеткен Ағымдағы шотқа қолма-қол ақшаны қабылдайды/қолма-қол емес ақшаны есепке алады;</p>	<p>6.2. Ведение Текущего счета в транзитном режиме. 6.2.1. Банк осуществляет прием наличных денег/зачисление безналичных денег на Текущий счет Клиента, открытый в филиале Банка и указанный Клиентом в соответствующем Заявлении о присоединении/Заявлении в качестве Текущего счета, ведение которого осуществляется в транзитном режиме, с целью аккумуляции на нем Денег для дальнейшего их перевода на другие Текущие счета Клиента, открытые в Банке и указанные в соответствующем Заявлении о присоединении/Заявлении, на условиях указанных в Договоре;</p>
<p>6.2.2. Банк Шарттың 6.2.1.-тармағында көрсетілген Ақша аударымын Ақша Клиенттің транзиттік режимде жүргізілетін Ағымдағы шотына қабылданған/есепке алынғаннан кейін 1 (бір) Операциялық күннің ішінде жасайды;</p>	<p>6.2.2. Банк осуществляет указанный в пункте 6.2.1. Договора перевод Денег в течение 1 (одного) Операционного дня после принятия/зачисления Денег на Текущий счет Клиента, ведение которого осуществляется в транзитном режиме;</p>
<p>6.2.3. Банк Шарттың 6.2.1.-тармағында қарастырылмаған операцияларды жүргізбейді,</p>	<p>6.2.3. Банк не осуществляет, а Клиент не вправе требовать осуществления по Текущему счету,</p>

ал Клиент транзиттік режимде жүргізілетін Ағымдағы шот бойынша ондай операциялардың жүргізілуін талап етуге құқылы болмайды;	ведение которого осуществляется в транзитном режиме, операций, не предусмотренных пунктом 6.2.1. Договора;
6.2.4. Ағымдағы шотты транзиттік режимде жүргізу Клиенттің Өтініші бойынша, Клиенттің тиісті Өтінішінде көрсетілген мерзімде тоқтатылады.	6.2.4. Ведение Текущего счета в транзитном режиме прекращается по Заявлению Клиента в сроки, указанные в соответствующем Заявлении Клиента.
6.2.5. Транзиттік режим Клиенттің қалауына қарай кез келген Ағымдағы шотқа белгіленуі мүмкін.	6.2.5. Транзитный режим может быть установлен на любой Текущий счет по усмотрению Клиента.
6.3. Ағымдағы шотты лимиттелген режимде жүргізу (Клиент ретінде заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі әрекет ететін болса).	6.3. Ведение Текущего счета в лимитированном режиме (когда Клиентом выступает филиал или представительство юридического лица).
6.3.1. Банк Клиенттің Банкке ұсынған Клиенттің Клиент оның филиалы немесе өкілдігі болып табылатын заңды тұлғамен бекітілген айлық бюджетінің шегінде лимиттелген режимде жүргізілетін Ағымдағы шот бойынша банктік операцияларды жүзеге асырады;	6.3.1. Банк осуществляет банковские операции по Текущему счету, ведение которого осуществляется в лимитированном режиме, в пределах представленного Клиентом Банку месячного бюджета Клиента, утвержденного юридическим лицом, филиалом или представительством которого Клиент является;
6.3.2. Лимиттелген режимде жүргізілетін Ағымдағы шотқа Клиенттің айлық бюджетінде қарастырылған сомадан төмен сомадағы Ақша түскен жағдайда, Банк Ағымдағы шот бойынша шығыс операцияларын түскен сома шегінде, бірақ Клиенттің айлық бюджетінен аспайтын көлемде Клиент Нұсқауларының түсу кезеңділігіне сәйкес жүргізеді;	6.3.2. В случае поступления на Текущий счет, ведение которого осуществляется в лимитированном режиме, Денег в меньшей сумме, чем это предусмотрено месячным бюджетом Клиента, Банк осуществляет расходные операции по Текущему счету в соответствии с очередностью поступления Указаний Клиента в пределах поступившей суммы, но не более месячного бюджета Клиента;
6.3.3. Банк лимиттелген режимдегі Ағымдағы шотты Клиент тиісті түрде бекіткен Клиенттің айлық бюджетінің түпнұсқасын/Клиент куәландырған көшірмесін алғаннан кейін ғана жүргізеді. Клиент Банкке Клиент тиісті түрде бекіткен Клиенттің айлық бюджетін ұсынбаған жағдайда, Банк Ағымдағы шотты стандартты тәртіпте жүргізеді.	6.3.3. Банк осуществляет ведение Текущего счета в лимитированном режиме только после получения оригинала/заверенной Клиентом копии надлежащим образом утвержденного Клиентом месячного бюджета Клиента. Ведение Текущего счета осуществляется Банком в стандартном порядке в случае непредставления Клиентом Банку копии надлежащим образом утвержденного Клиентом месячного бюджета;
6.3.4. Клиент Клиенттің айлық бюджетіне өзгертулер енгізуге құқылы болады. Мұндай өзгертулер Банк Клиенттің айлық бюджетіне Клиент тиісті түрде бекіткен өзгертулердің түпнұсқасын/Клиент куәландырған көшірмесін алғаннан кейін ғана күшіне енеді.	6.3.4. Клиент вправе вносить изменения в месячный бюджет Клиента. Такие изменения вступают в силу для Банка только после получения Банком оригинала/заверенной Клиентом копии надлежащим образом утвержденных Клиентом изменений в месячный бюджет Клиента.
6.3.5. Клиенттің айлық бюджетіне сәйкес Клиент (Клиенттің Уәкілетті тұлғалары) Банкке лимиттелген режимде жүргізілетін Ағымдағы шот бойынша банктік операциялар жүргізу туралы төлем құжаттарын/Нұсқаулар ұсынуға міндетті;	6.3.5. Клиент (Уполномоченные лица Клиента), обязан представлять Банку платежные документы/Указания на осуществление банковских операций по Текущему счету, ведение которого осуществляется в лимитированном режиме, в соответствии с месячным бюджетом Клиента;

<p>6.3.6. Егер мұндай төлем құжаттарын/Нұсқауларды орындау Клиенттің айлық бюджетінің артып кетуіне әкелетін болса, Банк Клиенттің (Клиенттің Уәкілетті тұлғаларының) төлем құжаттарын/Нұсқауларды орындаудан бас тартуға құқылы. Клиент Банктің Клиенттің төлем құжаттарын/Нұсқауларын орындаудан осындай бас тарту нәтижесінде шығындар тәуекелін толық көлемде қабылдайды.</p>	<p>6.3.6. Банк вправе отказать в исполнении платежных документов/Указаний Клиента (Уполномоченных лиц Клиента), если исполнение таких платежных документов/Указаний приведет к превышению месячного бюджета Клиента. Клиент принимает на себя в полном объеме риск убытков в результате такого отказа Банком в исполнении платежных документов/Указаний Клиента (Уполномоченных лиц Клиента).</p>
<p>6.4. Ағымдағы шотқа есепке алу арқылы Клиенттің инкассаланған қолма-қол ақшасын қабылдау және қайта есептеу.</p>	<p>6.4. Прием и пересчет инкассированных наличных Денег Клиента с зачислением на Текущий счет.</p>
<p>6.4.1. Банк Шарт, Қолданыстағы заңнама мен Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте Клиенттің инкассаланған қолма-қол Ақшасын қабылдайды және қайта есептейді;</p>	<p>6.4.1. Банк осуществляет прием и пересчет инкассированных наличных Денег Клиента в порядке, предусмотренном Договором, Действующим законодательством и внутренними документами Банка;</p>
<p>6.4.2. Қосылу туралы өтініште/Өтініште басқа мерзім көрсетілмесе, Банк Шарт, Қолданыстағы заңнама мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қосылу туралы өтініште/Өтініште көрсетілген Ағымдағы шотқа Клиенттің қабылдау мен қайта есептеу нәтижелері бойынша анықталған инкассаланған қолма-қол Ақшасының нақты сомасын есепке алады.</p>	<p>6.4.2. Банк осуществляет зачисление на Текущий счет, указанный в Заявлении о присоединении/Заявлении, фактической суммы инкассированных наличных Денег Клиента, выявленной по результатам приема и пересчета согласно требованиям Договора, Действующего законодательства и внутренних документов Банка, не позднее следующего операционного дня, если иной срок не указан в Заявлении о присоединении/Заявлении.</p>
<p>6.5. «АТФ-Келісімшарт» кредит өнімінің аясында Ағымдағы шотты жүргізудің арнайы режимін белгілеу.</p>	<p>6.5. Установление специального режима ведения Текущего счета в рамках кредитного продукта «АТФ-Контракт».</p>
<p>6.5.1. Клиент тиісті Өтініште көрсеткен, оған арнайы режим белгіленетін Ағымдағы шот Келісімшартты орындау кезінде Ақшаны есепке алуға арналған.</p>	<p>6.5.1. Текущий счет, указанный Клиентом в соответствующем Заявлении, на который устанавливается специальный режим, предназначен для зачисления Денег при исполнении Контракта.</p>
<p>6.5.2. Ол бойынша Банк Клиентке Тапсырыс берушіге Келісімшарт бойынша талап ету құқықтарын беру арқылы қаржы берген жасалған Банктік қарыз шартының аясында Клиенттің Банк алдындағы берешегін толығымен немесе ішінара өтеумен байланысты болмайтын мақсаттарда және/немесе Клиенттің Банк Тарифтеріне сәйкес жасалатын операциялар бойынша Банкке комиссиялық сыйақы төлеуімен байланыссыз мақсаттарда Банк Клиенттің ол бойынша Банк арнайы режим белгілеген Ағымдағы шотқа түскен Ақшаны пайдалану бағытын анықтайды және қадағалайды.</p> <p>Мұндай төлем құжаттарын/Нұсқауларды орындау жоғарыда көрсетілген мақсаттарға байланысты болмайтын жағдайда, осыған байланысты Банк Клиенттің (Клиенттің Уәкілетті тұлғаларының) төлем құжаттарын/Нұсқауларын орындаудан бас</p>	<p>6.5.2. Банк определяет и контролирует направления использования Денег ограничивая право распоряжения Клиентом Деньгами, поступившими на Текущий счет, по которому Банком установлен специальный режим, в целях, не связанных с полным или частичным погашением задолженности Клиента перед Банком в рамках заключенного Договора банковского займа, по которому Банком предоставлено финансирование Клиенту под уступку права требования к Заказчику по Контракту и/или в целях, не связанных с оплатой Клиентом комиссионного вознаграждения Банку по совершаемым операциям в соответствии с Тарифами Банка.</p> <p>В связи с этим Банк вправе отказать в исполнении платежных документов/Указаний Клиента (Уполномоченных лиц Клиента), если исполнение таких платежных документов/Указаний не связано с</p>

тартуға құқылы болады.	вышеуказанными целями.
<p>6.5.3. Ол бойынша Банк Клиентке Тапсырыс берушіге Келісімшарт бойынша талап ету құқықтарын беру арқылы қаржы берген жасалған Банктік қарыз шарты бойынша Клиенттің Банк алдындағы берешекті толығымен немесе ішінара өтеуі Банктік қарыз шартында көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады. Сонымен қатар Шарт Клиенттің банктік шотын тікелей дебеттеу шоты болып табылады, соған сәйкес Клиент Банкке оған Банк арнайы режим белгілеген Ағымдағы шоттан және/немесе Клиенттің басқа да банктік шоттарынан Банк талаптарының негізінде Клиенттің Банктік қарыз шарты бойынша берешек сомасында Ақша шығаруға сөзсіз, даусыз келісім береді (банктік шотты тікелей дебеттеу).</p> <p>Клиенттің Банктік қарыз шарты бойынша берешегін төлеу үшін оған Банк арнайы режим белгілеген Ағымдағы шотты және/немесе Клиенттің басқа да банктік шоттарын тікелей дебеттеуді Банк өз бетінше, Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз, Шарттың негізінде жүргізеді.</p>	<p>6.5.3. Полное или частичное погашение задолженности Клиента перед Банком по Договору банковского займа, по которому Банком предоставлено финансирование Клиенту под уступку права требования к Заказчику по Контракту, осуществляется в порядке, предусмотренном Договором банковского займа.</p> <p>Договор является также договором прямого дебетования банковского счета Клиента, в соответствии с которым Клиент предоставил Банку безусловное, беспорное согласие на изъятие Денег с Текущего счета, по которому Банком установлен специальный режим, и/или иных банковских счетов Клиента, на основании требований Банка (прямое дебетование банковского счета) в сумме задолженности Клиента по Договору банковского займа.</p> <p>Прямое дебетование Текущего счета, по которому Банком установлен специальный режим, и/или иных банковских счетов Клиента в счет оплаты задолженности Клиента по Договору банковского займа производится Банком самостоятельно без предоставления Клиентом каких-либо дополнительных согласий, на основании Договора.</p>
<p>6.5.4. Ағымдағы шот бойынша арнайы режим Клиент тиісті Өтініш берген күннен бастап белгіленеді және ол бойынша Банк Клиентке Тапсырыс берушіге Келісімшарт бойынша талап ету құқықтарын беру арқылы қаржы берген Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелер толығымен орындалғанға дейін қолданыста болады.</p>	<p>6.5.4. Специальный режим по Текущему счету устанавливается на период со дня подачи Клиентом соответствующего Заявления и действует до полного исполнения обязательств по Договору банковского займа, по которому Банком предоставлено финансирование Клиенту под уступку права требования к Заказчику по Контракту.</p>
<p>6.6. Тараптар Ағымдағы шотты жүргізудің Шарттың осы бабында қарастырылған ерекше режимдерінің тек Клиент Өтініштерінің негізінде ғана емес, сондай-ақ Тараптардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын келісімдер жасауы арқылы да белгіленетіндігімен келіседі. Ағымдағы шотты жүргізудің Шарттың осы бабында қарастырылған ерекше режимдерін белгілеу тәртібін (Қосылу туралы өтініш немесе Клиенттің өтініші немесе Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын келісімнің негізінде) Банк өз бетінше анықтайды.</p>	<p>6.6. Стороны согласны с тем, что особые режимы ведения Текущего счета, предусмотренные настоящей статьей Договора, могут устанавливаться не только на основании Заявлений Клиента, принятых Банком, но и также путем заключения Сторонами соглашений, являющихся неотъемлемой частью Договора.</p> <p>Порядок установления режимов ведения Текущего счета, предусмотренных настоящей статьей Договора (на основании Заявления о присоединении или Заявления Клиента или соглашения, являющегося неотъемлемой частью Договора), определяется Банком самостоятельно.</p>
7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	7. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН
<p>7.1. Клиент төмендегілерге құқылы: 7.1.1. Қолданыстағы заңнама және Шартпен қарастырылған тәртіп пен әдістер бойынша Ағымдағы шоттағы Ақшаны басқаруға;</p>	<p>7.1. Клиент вправе: 7.1.1. распоряжаться Деньгами на Текущем счете, в порядке и способами, установленными Действующим законодательством и Договором;</p>

7.1.2. Ағымдағы шоттың жай-күйі туралы Үзінді көшірме, анықтамалар алуға;	7.1.2. получать Выписки, справки о состоянии Текущего счета;
7.1.3. Шартпен белгіленген жағдайларды есепке ала отырып, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Ағымдағы шотты және/немесе ондағы Ақшаны үшінші тұлғаларға мұраға қалдыруға және басқаруға беруге;	7.1.3. завещать Деньги и доверять распоряжение Текущим счетом и/или Деньгами на нем третьим лицам, в соответствии с Действующим законодательством с учетом условий, установленных Договором;
7.1.4. Қолданыстағы заңнама мен Шартпен белгіленген тәртіп пен жағдайларда Ағымдағы шоттағы Ақша қалдығының шегінде Ақшаны талап етуге;	7.1.4. истребовать Деньги в пределах остатка на Текущем счете в порядке и на условиях, установленных Действующим законодательством и Договором;
7.1.5. Ағымдағы шот бойынша Ақша сомасын Шартқа сәйкес Банкте ашылған өзінің Ағымдағы шоттарына қолма-қол ақшасыз айырбастау (конверсиялау) үшін Банкке Нұсқаулар беруге;	7.1.5. подавать в Банк Указания для осуществления по Текущему счету безналичной конвертации (конверсии) суммы Денег на свои Текущие счета, открытые в Банке, согласно Договору;
7.1.6. Банктің Ағымдағы шот бойынша жүргізілген операциялардың негізділігін растайтын құжаттар көшірмелерінің ұсынылуын талап етуге;	7.1.6. требовать предоставления Банком копии документов, подтверждающих обоснованность произведенных операций по Текущему счету;
7.1.7. Шартпен белгіленген өзге де құқықтарды іске асыруға;	7.1.7. реализовывать иные права, установленные Договором;
7.1.8. Қолданыстағы заңнама және/немесе Шартқа сәйкес банктік шотты жабуға кедергі келтіретін негіздемелер болмайтын болса, Ағымдағы шотты жабуға;	7.1.8. закрыть Текущий счет при отсутствии оснований, препятствующих закрытию банковского счета в соответствии с Действующим законодательством и/или Договором;
7.1.9. Банктің Шарт бойынша көрсететін қызметтері бойынша ақпарат алу мақсатында Банк қызметжайына келу арқылы, телефон арқылы және Банктің өзге де байланыс деректері арқылы Банкке хабарласуға. Клиенттің өтінішіне Банк Қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіп пен мерзімде жауап береді.	7.1.9. в целях получения информации по услугам, оказываемым Банком по Договору, обратиться в Банк путем посещения помещения Банка, по телефону и иным контактными данным Банка. На обращение Клиента Банком предоставляется ответ в порядке и сроки, предусмотренные Действующим законодательством.
7.2. Клиент төмендегілерге міндетті:	7.2. Клиент обязан:
7.2.1. Банкке төлем/аударым жүргізу негізділігін растау, валюталық операциялар жүргізу мақсаттарын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Қолданыстағы заңнама мен халықаралық келісімдер, Шарт, Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған көлемде Ағымдағы шот ашу және ол бойынша операциялар жүргізуге, сондай-ақ Банктің Банкте бар және/немесе Қолданыстағы заңнамада белгіленген, Банктің клиентті тиісті түрде тексеруіне қажетті процедуралардың немесе осыған ұқсас басқа да процедуралардың барлық талаптарын сақтауына мүмкіндік беру үшін қажетті шынайы ақпарат пен құжаттарды ұсынуға (валюталық шарт немесе оның көшірмесі, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін өзге де құжаттар);	7.2.1. предоставить в Банк необходимые для открытия Текущего счета и проведения операций по нему достоверную информацию и документы в объеме, предусмотренном Действующим законодательством и международными соглашениями, Договором, внутренними документами Банка, включая, но не ограничиваясь, для целей подтверждения обоснованности проведения платежа/перевода, осуществления валютных операций (валютный договор или его копию, иные документы, требуемые в соответствии с валютным законодательством Республики Казахстан), а также необходимые для того, чтобы Банк имел возможность осуществить и соблюсти все требования необходимых процедур надлежащей проверки Клиента или прочих процедур Банка и/или установленных Действующим законодательством;
7.2.2. Өзіне Банк иелік етуге берген бланкілер,	7.2.2. осторожно обращаться с бланками,

<p>чек кітапшалары, деректер тасымалдауыштарды мұқият сақтауға. Егер Клиентке мұндай бланкілер (чектер, чек кітапшасын қоса алғанда), деректер тасымалдауыштарының ұрлануы, жоғалуы, дұрыс қолданылмауы немесе чектерге қол қоюға уәкілетті тұлғалар құрамының өзгеруі сияқты жағдайлар туралы белгілі болса, ол осындай жағдай (-лар) туындаған уақыттан бастап бұл туралы Банкке дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті;</p>	<p>чековыми книжками, носителями данных, предоставленными в его распоряжение Банком. Если Клиенту станет известно о таких обстоятельствах, как, например, утеря, кража, неправильное использование бланков (включая чеки, чековую книжку), носителей данных, либо изменение состава лиц уполномоченных подписывать чеки, он обязан немедленно уведомить об этом Банк в письменной форме, с момента наступления такого (-их) обстоятельств (-а);</p>
<p>7.2.3. Ағымдағы шот бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін Банкке Қолданыстағы заңнама талаптарын, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттары мен Шартпен анықталған талаптарды ескере отырып, Нұсқаулар беруге;</p>	<p>7.2.3. для осуществления операций по Текущему счету давать Банку Указания, оформленные с учетом требований Действующего законодательства, а также требований определенных внутренними документами Банка и Договором;</p>
<p>7.2.4. Шартта көрсетілген әдістер мен тәртіп бойынша Банкке барлық төмендегі жағдайлар туралы дереу хабарлауға:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефоны, электронды мекенжайы (e-mail) және Банкке өткізілген құжаттарда көрсетілген басқа да мәліметтердің өзгергендігі құрылтайшылық құжаттардың жоғалуы, ұрлануы туралы; - осындай өзгертулерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсына отырып, атауы, соның ішінде ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі, қайта тіркелуі, қайта құрылуы, БСН туралы деректерінің өзгеруі туралы. Кез келген өзгерту Банк Нұсқаулар мен тиісті растаушы құжаттарды алғаннан кейін ғана Банк үшін жарамды болып есептеледі; - Клиенттің қайта тіркелуін талап етпейтін құрылтайшылық және басқа да құжаттардағы басқа да деректердің өзгеруі туралы; - басшылардың ауысуы туралы; - сенімхат беру және мұндай тұлғалар ауыстырылған жағдайда немесе олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда, растаушы құжаттарды ұсыну арқылы үшінші тұлғаларға Ағымдағы шот бойынша операциялар жүргізу құқығын ұсыну; 	<p>7.2.4. незамедлительно уведомить Банк способами и в порядке, указанными в Договоре, обо всех случаях:</p> <ul style="list-style-type: none"> - изменения места нахождения, контактного телефона, электронного адреса (e-mail) и других сведений, содержащихся в представленных Банку документах, утере, хищений учредительных документов; - изменения наименования, в том числе организационно-правовой формы, перерегистрации, реорганизации, данных о БИН с предоставлением подлинников документов, подтверждающие такие изменения. Любые изменения становятся действительными для Банка только после принятия Банком Уведомления и соответствующих подтверждающих документов; - изменения иных данных, содержащихся в учредительных и иных документах, не требующих перерегистрации Клиента; - предоставления третьим лицам права на осуществление операций по Текущему счету путем выдачи доверенности и при замене таких лиц, либо досрочном прекращении их полномочий, с предоставлением подтверждающих документов;
<p>7.2.5. Қолданыстағы заңнама талаптарын, соның ішінде ақша төлемі/аударымын жүзеге асыру, кассалық операциялар жүргізу бөлігіндегі талаптарын, сондай-ақ Банкпен белгіленген Ағымдағы шотқа қызмет көрсету бойынша талаптарды сақтауға;</p>	<p>7.2.5. соблюдать требования Действующего законодательства, в том числе в части осуществления платежей/переводов денег, проведения кассовых операций, а также требования, установленные Банком по обслуживанию Текущего счета;</p>
<p>7.2.6. Тарифтерге сәйкес Шартта қарастырылған тәртіпте, соның ішінде Ағымдағы шотта комиссияны төлеу үшін талап етілетін соманың болуын қамтамасыз ету арқылы Банк қызметтері үшін төлем жасауға;</p>	<p>7.2.6. оплачивать услуги Банка в соответствии с Тарифами, в порядке, предусмотренном Договором, в том числе путем обеспечения суммы, требуемой для уплаты комиссии, на Текущем счете;</p>
<p>7.2.7. Банктегі Ағымдағы шот бойынша ақпарат алу, сонымен бірге Қолма-қол ақшаны енгізу және шығарып алу жағдайларында Уәкілетті</p>	<p>7.2.7. при получении информации по Текущему счету в Банке, а также при внесении и снятии наличных Денег, представить документ,</p>

<p>тұлғанын/Клиент өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжатты және/немесе Қолданыстағы заңнама мен Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банк талап ететін өзге де құжаттар/ақпараттарды ұсынуға;</p>	<p>подтверждающие полномочия Уполномоченного лица/Представителя Клиента и/или иные документы/информацию, требуемые Банком в соответствии с Действующим законодательством и внутренними документами Банка;</p>
<p>7.2.8. Банк көрсеткен мерзімде ішінде олар Шарттың аясында Банктің тиісті түрде қызметтер көрсетуі үшін талап етілетін жағдайда, Банкке нақты шығындар көлемінде басқа банктердің (соның ішінде шетелдік банктердің) комиссияларын, жүкқұжат шығындарын, соның ішінде пошта-телеграфтық шығындарды, шетел тіліне/н аудару бойынша қызметтерді, анықтау шығындарын, нотариалдық қызметтерге кеткен шығындар мен басқа да шығындарды өтеп беруге;</p>	<p>7.2.8. в сроки, указанные Банком, возместить Банку комиссии иных банков (в том числе иностранных банков), накладные расходы, в том числе почтово-телеграфные расходы, расходы на перевод с/на иностранный (-ого) язык (-а), верификацию, нотариальные услуги и иные расходы, если таковые требуются для надлежащего оказания Банком услуг в рамках Договора, в размере фактических затрат;</p>
<p>7.2.9. Банк филиалдары және олардың құрылымдық бөлімшелерінен немесе Банктің анықтама қызметінің телефондары бойынша, сондай-ақ Банктің www.atfbank.kz мекенжайы бойынша Веб-сайты арқылы Тарифтердің өзгергендігі туралы өз бетімен біліп отыруға;</p>	<p>7.2.9. самостоятельно узнавать об изменении Тарифов в филиалах Банка и их структурных подразделениях или по телефонам справочной службы Банка, а также на корпоративном веб-сайте Банка по адресу www.atfbank.kz;</p>
<p>7.2.10. Банк филиалдары және олардың құрылымдық бөлімшелерінен, сондай-ақ Банктің www.atfbank.kz мекенжайы бойынша Веб-сайты арқылы Шарт талаптарының өзгергендігі мен толықтырылғандығы туралы өздігінен біліп отыруға;</p>	<p>7.2.10. самостоятельно узнавать об изменении (ях) и дополнении (ях) в условия Договора в филиалах Банка и их структурных подразделениях, а также на корпоративном веб-сайте Банка по адресу www.atfbank.kz;</p>
<p>7.2.11. Банктің өз беделін сақтауға деген ұмтылысын және Банктің заңсыз/қылмыстық жолмен алынған Ақшаны заңдастыруға қарсы күрестің халықаралық стандарттарын ұстану саясатын құрметтеу, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау. Ағымдағы шотқа қомақты соманы (қомақты көлемді Банк өзі анықтайды) енгізу/есепке алу/аудару жағдайларында, Банк тарапынан қосымша сұратулар жасалса, Банктің талап етуге құқығы бар, ал Клиент Банкке Банкпен белгіленген мерзімде осы Ақшаның дереккөзінің заңдылығын растайтын құжаттарды, сонымен бірге Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлемді тиісті түрде тексеру (сонымен бірге клиентті/төлемді сәйкестендіру) үшін қажет болатын растаушы құжаттарды ұсынуға міндетті болады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Банк Ақшаның дереккөзінің заңдылығы расталмаған және тиісті тексеру жүргізу мүмкін емес деп есептейді және Ақшаны Ағымдағы шотқа есепке алмауға және/немесе клиенттің</p>	<p>7.2.11. уважать стремление Банка защищать свою репутацию и политику Банка придерживаться международных стандартов борьбы с легализацией Денег, полученных незаконными/преступными способами, а также соблюдать законодательство о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма. В случае внесения/зачисления/переводов крупных сумм (крупный размер определяется Банком самостоятельно) на Текущий счет, Банк имеет право потребовать, а Клиент обязан предоставить в установленный Банком срок документы, подтверждающие легальность происхождения этих Денег, а также подтверждающие документы, необходимые для осуществления надлежащей проверки (в том числе идентификации клиента/платежа) в соответствии с Действующим законодательством о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем и финансированию терроризма, при дополнительных запросах со стороны Банка. При непредоставлении указанных документов, Банк считает легальность происхождения Денег не подтвержденной и невозможность</p>

<p>Нұсқауын орындамауға және/немесе Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға және Клиентке онда орналастырылған Ақшаны қайтарып беру арқылы Ағымдағы шотты жабуға құқылы болады. Сондай-ақ Банк егер мұндай бас тарту немесе тоқтату олардың ықпалы Банк пен Клиентке таралатын Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының талаптарына немесе кез келген елдің (мысалы, OFAC^[1]) немесе халықаралық ұйымның (ООНЗ^[2] қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) юрисдикциясан сәйкес салынған шектеулерге сәйкес жүзеге асырылатын жағдайда, Клиенттің кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға немесе тоқтатуға да құқылы болады. Бұл ретте Банк Клиент Нұсқауларын орындау мерзімінің кешіктірілуі немесе кідірілуі, Банктің жоғарыда көрсетілген шектеулерге байланысты Нұсқауларды орындаудан бас тартуы немесе тоқтатуымен байланысты, сонымен қатар мұндай күмәндар расталмаған жағдайларда, Клиенттің шығындары үшін ешқандай жауапкершілік алмайтын болады;</p>	<p>осуществления надлежащей проверки, и имеет право не зачислять Деньги на Текущий счет и/или не исполнять Указание клиента и/или в одностороннем внесудебном порядке отказаться от исполнения Договора и закрыть Текущий счет, выдав Клиенту размещенные на нем Деньги. Банк также вправе отказать в проведении или прекратить проведение любой операции Клиента, если такой отказ или прекращение осуществляется Банком согласно санкциям, наложенным в соответствии с требованиями уполномоченных органов Республики Казахстан либо с юрисдикцией любой страны (например, OFAC^[1]) или международной организации (включая, но не ограничиваясь ООНЗ^[2]), действие которых распространяется на Банк и Клиента. При этом Банк не будет нести никакой ответственности за убытки Клиента, причиненные просрочкой или приостановлением исполнения Указаний Клиента, отказом Банка в исполнении или прекращением исполнения Указаний в связи с вышеуказанными санкциями, а также в случае, если такие подозрения не подтвердились;</p>
<p>7.2.12. Банкпен алынған барлық ақпаратты, соның ішінде Хабарламалар мен Үзінді көшірмелерді дереу тексеруге. Сонымен бірге Клиент Банктің Клиент нұсқауларын орындау дұрыстығын да тексеруге міндетті. Егер Клиент қандай да бір дәлсіздік, қате және/немесе кемшіліктерді, рұқсат берілмеген (қате) операцияларды анықтайтын жағдайда, ол бұл туралы Банкке дереу жазбаша нысанда хабарлауы тиіс;</p>	<p>7.2.12. незамедлительно проверять всю информацию, полученную от Банка, в том числе Уведомления и Выписки. Кроме того, Клиент обязан проверять правильность исполнения Банком Указаний Клиента. Если Клиент обнаружит какие-либо неточности, неправильное и/или неполное исполнение, наличие несанкционированных (ошибочных) операций, он должен немедленно уведомить об этом Банк в письменной форме;</p>
<p>7.2.13. Хабарламада өзінің төлем тапсырмасының деректемелерін және онымен анықталған қате деректемелерді көрсетумен бірге оған үзінді көшірме берілген/ұсынылғаннан кейін 5 (бес) Жұмыс күнінің ішінде Банкке Ағымдағы шот бойынша қате жүргізілген операциялар (соның ішінде орындалған төлем тапсырмалы) туралы жазбаша түрде хабарлауға, сондай-ақ Клиенттің</p>	<p>7.2.13. письменно уведомлять Банк об ошибочно произведенных операциях по Текущему счету (в том числе исполненных платежных поручениях) в течение 5 (пяти) Рабочих дней после выдачи/предоставления ему выписки по Текущему счету, с указанием в уведомлении реквизитов своего платежного поручения и выявленные им ошибочные реквизиты, а также вернуть Банку в полном</p>

[1] OFAC – АҚШ Қазынашылығы Шетел активтерін бақылау басқармасы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және шетелдің лаңкестікпен, есірткі саудасы және жаппай жою қарулар таратумен байланысты іс-әрекеттермен күрес жүргізетін АҚШ мемлекеттік қазынашылық бөлімшесі АҚШ территориясындағы шетелдік активтерді тоқтатып қоюға қатысты экономикалық санкциялардың қолданылуына бақылау жасайды/

OFAC – Управление по контролю за иностранными активами Казначейства США. Подразделение государственного казначейства США, обеспечивающее национальную безопасность и ведущее борьбу с иностранным терроризмом, наркоторговлей и деятельностью, связанной с распространением оружия массового поражения; контролирует применение экономических санкций, в частности замораживание иностранных активов, находящихся на территории США.

[2] БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ). Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау, мемлекеттер арасында ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған халықаралық ұйым./

ООН – Организация Объединенных Наций (ООН). Международная организация, созданная для поддержания и укрепления международного мира и безопасности, развития сотрудничества между государствами.

<p>Ағымдағы шотына қате есепке алынған Ақша анықталған/Банк талап қойған күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күнінің ішінде Банкпен Ағымдағы шотқа қате есепке алынған Ақшаны толық көлемде Банкке қайтаруға;</p>	<p>объеме деньги, ошибочно зачисленные Банком на Текущий счет, в течение 3 (трёх) Рабочих дней со дня обнаружения ошибочного зачисления денег на Текущий счет Клиента/предъявления требования Банка;</p>
<p>7.2.14. Сот ұйғарым шығарған күннен бастап 5 (бес) Жұмыс күнінің ішінде Банкке Клиентті банкрот деп тану туралы өтініштің қабылдануы және сот шешім шығарған күннен бастап 5 (бес) Жұмыс күнінің ішінде Клиентке қатысты банкроттық рәсімінің басталғандығы туралы жазбаша түрде хабарлауға;</p>	<p>7.2.14. уведомить Банк в письменной форме в течение 5 (пяти) Рабочих дней со дня вынесения судом определения о принятии заявления о признании Клиента банкротом и в течение 5 (пяти) Рабочих дней со дня вынесения судом решения о введении в отношении Клиента процедуры банкротства;</p>
<p>7.2.15. Егер ол Заңды тұлға болса, Банкке қолма-қол ақшаны алуға өтінімді ол аталған операцияны болжамдағы жасау күніне дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын береді. Егер Клиент жеке тұлға болса, ол Банкке 1 000 000,00 (бір миллион) теңгеден артық қолма қол ақшаны алуға өтінімді ол аталған операцияны орындағанға дейін 1 (бір) Жұмыс күні бұрын беруге міндетті. Қолма-қол ақшаны беру Қолданысағы заңнамаларда, Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады;</p>	<p>7.2.15. в случае если он является юридическим лицом, предоставлять Банку заявку на получение наличных денег не позднее, чем за 1 (один) Рабочий день до предполагаемого дня совершения им указанной операции. В случае если Клиент является физическим лицом, то он обязан предоставлять Банку заявку на получение наличных денег свыше 1 000 000,00 (одного миллиона) тенге за 1 (один) Рабочий день до предполагаемого дня совершения им указанной операции. Выдача наличных денег осуществляется в порядке, установленном Действующим законодательством, внутренними документами Банка;</p>
<p>7.2.16. Чектер бойынша қолма-қол ақша алу жағдайында, Қолданыстағы заңнамамен анықталған чектерді дұрыс беру талаптарын сақтауға, соның ішінде:</p>	<p>7.2.16. для получения наличных денег по чекам соблюдать требования правильной выписки чеков, определенных Действующим законодательством, в том числе:</p>
<p>1) олардың нөмірленуіне сәйкес чектер бланкілерін пайдалану ретін сақтау;</p>	<p>1) соблюдать последовательность использования номеров бланков чеков (в соответствии с их нумерацией);</p>
<p>2) чектің сомасын цифрлар мен жазумен көрсетуге (жазумен көрсетілген сома жолдың ең басынан басталуы тиіс, «теңге» сөзі бос орын қалдырусыз жазумен көрсетілген сомадан кейін көрсетілуі керек, чекте «тиын» сөзі көрсетілмейді, соманы цифрлар мен жазумен көрсетуге арналған бос орын екі жолақпен сызылады);</p>	<p>2) указывать сумму чека цифрами и прописью (сумма прописью должна начинаться в самом начале строки с заглавной буквы, слово «тенге» указывается вслед за суммой прописью после одного пробела, слово «тиын» в чеке не указывается, свободное место после написания суммы цифрами и прописью прочеркивается двумя линиями);</p>
<p>3) бағанда «төлеңіз» сөздерінен кейін соның атына чек берілетін тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты немесе атауы көрсетілуі керек;</p>	<p>3) в графе после слов «заплатите» указываются фамилия, имя и отчество (при его наличии) или наименование лица, на имя которого выписывается чек;</p>
<p>4) чек берушінің (жеке тұлғалар үшін) немесе чек беруші чек кіташасына иелік етуге уәкілеттік берген тұлғаның (жеке және заңды тұлғалар үшін) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берген мекеме және берілген күні;</p>	<p>4) номер документа, удостоверяющего личность чекодателя (для физических лиц), или лица уполномоченного чекодателем распоряжаться чековой книжкой (для физических и юридических лиц), кем и когда выдан;</p>
<p>5) чектің берілген күнін (күні мен жылы – цифрлармен, айы - жазумен) көрсету;</p>	<p>5) проставлять дату выписки чека (число и год – цифрами, месяц – прописью);</p>
<p>6) Клиенттің (Клиент – жеке тұлғалар үшін) немесе Клиенттің уәкілетті тұлғасының чек</p>	<p>6) проставлять подпись, которая соответствует подписи, указанной в документе,</p>

кітапшасына иелік етуге уәкілетті тұлғасының (Клиент – заңды тұлғалар үшін) жеке басты куәландыратын құжатта қолға сәйкес келетін – Қол қою үлгілерінен тұратын карточкадағы қол қою үлгісіне сәйкес келетін қол қою;	удостоверяющем личность (для Клиентов – физических лиц), или уполномоченного лица Клиента, который вправе распоряжаться чековой книжкой (для Клиентов – юридических лиц) – образцу подписи в Карточке с образцами подписей;
7) чек түбіртегінде сол сомаға чек жазып берілген ақша сомасын (сома цифрлармен көрсетіледі), Клиент-жеке тұлғаның немесе чек кітапшасына иелік етуге уәкілетті тұлғаның (Клиент – жеке және заңды тұлғалар үшін) қолы қойылған чек берілген күнді, чек кітапшасы белгілі бір күнге берілген жағдайда – операция жасалғанға дейінгі сома қалдығын және чек кітапшасы бойынша жаңа қалдықты (қалдық цифрлар мен жазумен көрсетіледі) көрсету;	7) указывать в корешке чека сумму денег, на которую выписан чек (сумма проставляется цифрами), дату выписки чека с подписью Клиента – физического лица или лица, уполномоченного распоряжаться чековой книжкой (для Клиентов физических и юридических лиц), если чековая книжка выдана на определенную сумму – остатка суммы до совершения операции и новый остаток по чековой книжке (остаток проставляется цифрами и прописью);
8) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын Клиент – заңды тұлғаның мөр бедерін қою.	8) проставление отиска печати Клиента – юридического лица, не относящегося к субъекту частного предпринимательства;
7.2.17. Ағымдағы шот(-тар) жабылған жағдайда, Банкке қолданылмаған чек бланкілерімен бірге чек кітапшасын қайтаруға;	7.2.17. при закрытии Текущего (-их) счета (-ов) вернуть Банку чековую книжку с неиспользованными бланками чека;
7.2.18. Шартта белгіленген басқа да міндеттемелерді орындауға.	7.2.18. нести иные обязанности, установленные Договором.
7.3. Банк төмендегілерге құқылы:	7.3. Банк вправе:
7.3.1. Шарттың әрекет ету мерзімінің ішінде Ағымдағы шотта орналастырылған Ақшаны өз қалауы бойынша пайдалануға;	7.3.1. в пределах срока действия Договора использовать Деньги, размещенные на Текущем счете, по своему усмотрению;
7.3.2. Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен анықталған жағдайларда Клиентпен іскерлік қарым-қатынастар орнатудан бас тартуға;	7.3.2. в случаях, определенных Действующим законодательством и/или внутренними документами Банка, отказать в установлении деловых отношений с Клиентом;
7.3.3. Клиенттен Ағымдағы шот ашуға және ол бойынша операциялар жүргізуге қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;	7.3.3. затребовать от Клиента информацию и документы, необходимые для открытия Текущего счета и проведения операций по нему;
7.3.4. Клиенттің Ақшаны пайдалану бағытын анықтау және бақылау, Ағымдағы шотты қадағалау және соның негізінде Ағымдағы шоттағы Ақша кепіл заты болып табылатын және Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін Шарт және/немесе тиісті кепіл туралы шарттың талаптарына сәйкес Клиенттің Ақшаны еркін басқару құқығын шектеуге;	7.3.4. определять и контролировать направления использования Денег Клиентом, устанавливать контроль над Текущим счетом и ограничивать права Клиента свободно распоряжаться Деньгами, в соответствии с условиями Договора и/или соответствующего договора о залоге, на основании которого Деньги на Текущем счете являются предметом залога и обеспечивают исполнение обязательств Клиента перед Банком;
7.3.5. Клиенттің келісімінсіз Ағымдағы шоттан Ақшаны шығарып алу және Қолданыстағы заңнама, Шартпен қарастырылған жағдайларда қамауға алу туралы нұсқауларды орындау, Ағымдағы шот бойынша шығыс операцияларын кідіртуге;	7.3.5. производить изъятие Денег с Текущего счета без согласия Клиента, и приостанавливать расходные операции по Текущему счету, в случаях, предусмотренных Действующим законодательством, Договором;
7.3.6. Шартта қарастырылған тәртіпте Тарифтерге сәйкес қызметтер көрсету бойынша Ағымдағы шоттан комиссиялық сыйақыны алу,	7.3.6. взимать с Текущего счета комиссионное вознаграждение за оказание услуг в соответствии с Тарифами, в порядке,

